

БЕКІТЕМІН
 «Әлия» балабакшасының
 менгеруші м.а.: 



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5

Кеңтау қаласы

12. 05. 2023 жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы</p> <p>2. Диагностикалық есеп:</p> <p>I. «Менің жұмысымның нәтижесі»</p> <p>II. «Біздің жетістіктеріміз»</p> <p>3</p> <p>-«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»</p> <p>-«Мектепалды даярлық топтың жай-күйінкешенді бақылау қорытындысы»</p> <p>4. Қорытынды</p> <p>Бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтің қорытындысы.</p> <p>Баланың жеке даму картасы</p> <p>5. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»</p> <p>6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»</p> <p>7. Әртүрлі мәселелер</p> <p>8. Педагогикалық кеңес шешімі.</p>	МАМЫР айы	<p>Менгеруші м.а. С.Н.Байболова, Барлық педагог мамандар, Барлық топ тәрбиешілері, Медбике Г.Туребаева, емдембике Ш.Сүлеймен</p>

БЕКІТЕМІН:

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентай қылалық адами әлеуетті дамыту болімінің
«Әдия» бобекжай – ғалабақшасы МКҚҚ
меншеруші мәдениет жөнінен мемлекеттік мәдениеттік миссияның
С.Н.Байболова



Тақырыбы:

**«Балалармен жүргізілетін жазғы
шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын
үйімдастырудың ережелері»**

Балабақшада жазғы сауықтыру жұмысын ұйымдастыру

Балалармен жүргізілетін жазғы жұмысты сауықтыру жұмыстары деп атауымыздың себебі, оның өзіндік қыр-сыры бар. Баланың деңсаулығын ныгайтуға қажетті жазғы уақыттың жағымды жақтарын алу маңызды, бала өсіп-жетіліп, толысып, шыныгуы қажет. Өсімдіктер мен жануарлар әлемінің таңгажайып, көркемдігін түсініп, жаксы қоруді үйренуі маңызды. Жазғы уақытта мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қабілеттерінің дамуы үшін табиғат зор мүмкіндік береді. Жазғы жұмыстың табысты болуы балабақша ұжымының қашалықты уақытында дайын болуына байланысты айқындалады.

Ең бастысы – педагогтарды қажетті біліммен каруандыру. Ол үшін әдістемелік кабинетте белгілі бір сұрақтарға байланысты қажетті әдебиеттер таңдалып алынады, әр тәрбиешіге өзіне таныс бір тақырыпты алып, өз еркімен жұмыс істеуді ұсыну, кейін тәжірибемен, білім және қызығушылығымен бөлісуге мүмкіндік беру қажет.

Тақырыптама:

1. Балалармен жүргізілетін шыныгу-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

Осы кезеңге арналған таңғы гимнастиканың вариативтілігі

Қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру

Мерекелер мен бос уақыттарды өткізу

Орманға жорық пен серуенге арналған ойындар

Сүмен ойнайтын ойындар

2. Табиғат әлемі

Маусымдық бақылау, құбылыс күнтізбесі (жәндіктер, балықтар, өсімдіктер, құстар және т.б.)

Өзіміз тұратын өлкенің табиғаты

Гүлзарлар мен бақшаның жұмыстарын ұйымдастыру

Табиғаттың қупиясы, дәрілік және улы өсімдіктер

Саяхатты өткізуге арналған талаптар

Улы өсімдіктермен уланудың ескерту бойынша алдын-алу жұмыстары

3. Ойын

Жазғы алаңқайларда ~~жазылған~~ күралдарының мазмұны мен орналастыруға қойылатын талаптар

Жазғы уақытта әр түрлі ойын түрлерін ұйымдастыру

4. Көркемдік-бейнелеу өнері

Бейнелеу өнерінің дәстүрлі емес тәсілдері

Балалардың шығармашылығын дамыту

5. Жазғы мерекелер мен бос уақытты ұйымдастыру

Балаларды орыс халқының мерекелерімен таныстыру

Мерекені ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Жазғы уақытта белсенді демалысты өткізуге арналған мерекелер мен бос уақыттың тақырыптамасы мен материалдарын іріктеу

6. Балалардың өмір әрекеті мен қауіпсіздігі негіздері

Нұсқамалар

Әртүр қауіпсіздігі ережелерін меңгеру

«Абайла, жол!» жұмысын ұйымдастыру

7. Өлкетану

Ескерткіштерге саяхат жасау

Балалардың шығармашылығы конкурсының тақырыптамасы

8. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру

Ата-аналарға арналған қандай консультациялар мен топтық әңгімелер тақырыптарын ұсынуға болады?

Сонымен катар, тақырыптама бойынша жүргізілген жұмыстар, теориялық және практикалық тәсілдерді ашу балабакшаның барлық педагогтарына олардың сал түрлі жұмыстарында едәуір көмек болар еді.

Жазғы уақытта бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша жүйелі, әрі толық қолемдегі жұмыстар жалғастырылады. Іс-әрекеттің барлық түрі ауага үласады. Әрбір іс-әрекетке қажетті орын және күн тәртібінен уақыт болінеді.

Жазғы уақытта балалармен сабак жүргізу қажет не? Балалардың толықканда демалуына кедергі келтірмей ме? Балалардың жазғы уақытын үйымдастыру таңдау еркіндігін беру ғана емес, оларды ұжымдық іске жұмылдыру қажет. Еркіндік беру олардың шаршауына әкеп согады. Сабактың түрлерін «Жазғы сауықтыру жұмыстарын үйымдастыру» тақырыбында откізілген педагогикалық кеңесте айқындалмызы.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс

1. Ата-аналарды балалардың деңсаулық жағдайымен таныстыру, балабакшаның жазғы жұмыс бағдарламасы туралы ақпарат беру үшін жазғы дайындық бойынша топтық жиналыстар өткізу.
2. Балалармен қала сыртына шығатын және қалада қалатындар үшін медико-педагогикалық тақырыптар бойынша балаларға арналған консультацияларды үйымдастыру
3. Әдістемелік кабинеттегі, топтардагы жылжымалы жинақ, далаға шыгаратын стенд сияқты ата-аналар үшін ақпараттық-анықтамалық бөлім дайындау.

**«Әлия» бобекжай – балабақшасы МКҚК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5**

12.05.2023 ж

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекеменің 2022-2023 оку жылындағы атқарылған жұмыстың нәтижелілігі»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
2. Диагностикалық есеп:
 - I. «Менің жұмысымның нәтижесі»
 - II. «Біздің жетістіктеріміз»
- 3
-«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»
-«Мектепалды даярлық топтың жай-қүйінкешенді бақылау қорытындысы»
4. Корытынды
Бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтің қорытындысы. Баланың жеке даму картасы
5. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»
6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»
7. Эртүрлі мәселелер
8. Педагогикалық кеңес шешімі.

ТЫНДАЛДЫ:

Педагогикалық кеңесті кеңесті менгеруші м.а С.Н.Байболова ашып, пед кеңес мүшелерін оқу жылының аяқталуымен құттықтады. 2022 – 2023 оқу жылында 280 бала бақшада болды. Олардың ішінде 3 МАД топ балаларының біршамасы мектеп табалдырығын аттағалы отыр. Олар мектепке толығымен дайын деп айта аламын. Өткен оқу жылында қалалық ұйымдастырылған іс – шараларға балаларымыз қатысып, көптеген мадактау қағаздарымен маралатталды. Осы балаларымыздың жеңістері үшін тәрбиешілер сіздерге үлкен рахмет.

Жазғы сауықтыру іс – шараларын орындау мақсатында тәрбиешілерге жазғы іс – әрекеттер жоспарын түзіп, жұмыс жасауды ұсынды.

С.Н.Байболова мамыр айында өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу қызметтеріне шолу жасады. Барлық тәрбиешілер өздеріне қойылған тапсырманы жақсы деңгейде көрсете білді. МАД «Ласточка», «Балдырган», «Ботақан» топтарының тәрбиешілері Гамурзакова Э.Р, Ажибаева Р.Ж, Налибаева Д.А., Мамбетова Д.О., Туребаева А.А., Байгенжиева А.Ш. балаларын ете жақсы тәрбиелеп мектепке шыгарып салды.

Қазіргі замандағы жағдайлардагы кәсібіліктің өсуі маман құзыреттілігінің кәсібілік мәселесін ерекше қарастырады. Кәсіби құзыреттілікке түлға маманның интегративті сапалар, білім, шеберліктер және дағдылар жүйесін, типтік міндеттерді шешу амалдарын талдау жатады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру түлғаның әртүрлі қасиеттерінен, оның негізгі қайнар көзі оку және субъективті тәжірибесі болып табылады. Кәсіби құзыреттілік үнемі ұмтылысты жетілдіруді сипаттайды. Құзыреттіліктің психологиялық негізі өз біліктілігін көтеру, кәсіби дамытууды дайындауды қажет етеді. Педагогикалық кәсіп бір уақытта басқарушы және өзгеруші болып табылады. Түлға дамуын басқару үшін құзыретті болуы қажет. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің түсінігі педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындықты және оның кәсіби сипаттамасын көрсетеді. Педагогтың дайындығының мазмұны қандай да бір мамандық бойынша –педагог құзыреттілігінің нормативті моделі, кәсіби білім, шеберліктер мен дағдылар құрамын бейнелейді,- деді С.Н.Байболова.

С.Н.Байболова мониторинг баланың түрлі кезеңдері біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауга, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауга, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсныымдардың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың білікттері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша мониторингтің бірінгай тәсілін қамтамасыз ету. Әдістемелік ұсныымдар келесі міндеттердің шешілуіне ықпал етеді: - мектепке дейінгі білім беруде ұснынатын қызметтің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау және өндеу; - Үлгілік оку бағдарламасы талаптарын ескеріп, мектеп жасына дейінгі балалардың білікттері мен дағдыларының даму денгейлерін табу; - білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау. Әдістемелік ұсныымдар келесі бөлімдерден тұрады: «Мектеп жасына дейінгі балалардың білікттері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуің негізгі тәсілдері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың білікттері мен дағдыларының даму денгейлерін есептеу әдістемесі». Құтілетін нәтиже: мектеп жасына дейінгі балалардың білікттері мен дағдыларының дамуын бақылаудың ортақ тәсілі мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы мәліметті алуға, балалардың жетістіктерінің динамикасын бағалауга, балалармен алдағы жұмысты жоспарлауды қамтамасыз етеді.,- деді.

Балабақша мейірбикесі Г.А.Туребаева сөз алды. Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, түлғалық қабілеттің дамуына да әсір етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шындауға бағытталған апталықтар мен сыйыстарға қатыса отырыш, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезінуарқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады.

С.Н.Байболоваға балабақша педагогтары өздерінің жылдық есебімен таныстырды жобага қосып алушылар болған жоқ. Барлық топ тәрбиешілері жыл соңына дейін атқарған жұмыстары бойынша есептерін оқып, талқылады.

Жылдық жоспарды орындалуы бойынша әр тәрбиеші өз топтарындағы балалардың мониторинг нәтижелерінің қорытынды пайыздарын шыгарды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:


1. Балабақшада атқарылған бір жылдық жұмыс есебі қанағаттандырлық деп табылсын.
2. Педагогтардың бір жылдық есебі толықтырылып әдістемелік кабинет қорына тапсыру.
3. Жазғы сауықтыру, серуен кезінде баланың өмір қауіпсіздігін сақтау, оны жоспарлы түрде өткізуін қадағалап отыру әдіскер С.Н.Байболоваға, медбике Г.Туребаеваға жүктелсін.
4. Жаз мезгілінде балаларды дәруменді тағамдармен тамақтандыру дәрумендер беру медбике Туребаева Г.А, емдәмбике Ш.Сүлеймен жүктелсін.
5. Жазғы көгалдандыру жұмыстарын менгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Б.Жақсыбаеваға жүргізу, аула тазалығын қадағалау міндеттелсін.

Кеңес төрайымы:



С.Н.Байболова

Хатшы:



С.Ш.Садыкова